


## САХНАҒА ЖАСТАР ШЫҚТЫ



Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрының коллективі 1956 жылы ұйғыр композиторы К. Кожамияров жазған «Назугум» операсын қою жолында үлкен еңбек сіңірді. Рас, операның біраз кемшіліктері болды. Сондықтан зрительдер, тыңдаушылар тарапынан болған сынға байланысты автор өзінің бұл тұңғыш

операсын өңдеу жұмысына кірісті. Бұл опера 1957 жылы қойылады. Мен осы операда «Назугум» партиясын ойнаймын. Сол сияқты «Назугум» партиясын ойнауға жас артистка Роза Жаманова да даярланып жүр. Ал «Қыз Жібек» операсындағы Қыз Жібек партиясын жас артистка Айсұлу Байқадамова ойнай бастады. Бұл екеуі де – Алматының Құрманғазы атындағы консерваториясын бітірген жастар.



Сонымен қатар театр коллективі зрительдерге өткен жылы башқұрт композиторы Ф. Яруллиннің «Шурале» («Жезтырнақ») деген ертегі-балетін көрсетті. Бұл балетті жас балетмейстер Дәурен Әбенев қойды. Балетте Н. Викентьева, Л. Таганов сияқты бас рөлдерді ойнаушы артистермен қатар З. Райбаев, С. Көшербаева, Ғ. Абжанов сияқты жастар өздерінің талантты бишілер екенін көрсетті.

Жаңа жылдың басынан бастап театр артистері Қазақ әдебиеті мен искусствосының 1958 жылы Москвада өтетін онкүндігінде қойылуға жоспарланып отырған «Біржан мен Сара», «Абай» операсын дайындауға шұғыл кіріседі. Композиторлар қазір бұл операларының көркемдік жағын қайта қарап, жөндеу үстінде. Сонымен қатар Е. Г. Брусиловскийдің «Дударай» операсы музыка жағынан да, либретто жағынан да қайтадан жөнделмек. 1957 жылы театр репертуарының қатарына төрт балет қосылмақшы. Бұлардың бәрі де жаңадан жазылып жатыр.

Қазақ искусствосының 1936 жылы Москвада өткізілген онкүндігіне қатысқан әншілерден қазір опера театрында мен ғана қалдым. Қалғандары – одан кейін өсіп жетілген артистер. Бұл – театр коллективінің творчестволық өсу жолында екенін көрсетеді.

*Күләш Байсейітова / құраст. А. Омарова. – Алматы : Өнер, 2012. – 35-36 б. – (Меретойлық әдебиет).*